

## **Қазақстан Республикасының Фосфор өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмысын тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 қаңтар N 10. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.08.26. N 807 қаулысымен. ~P980807

Фосфор өнеркәсібі кәсіпорындары жұмысының экономикалық тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы Қазақстан Республикасының фосфор өнеркәсібі кәсіпорындарының жұмысын тұрақтандыру және олардың бағытын өзгерту бағдарламасын жасап, оны Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетімен келіскені және Өнеркәсіп министрлігі бекіткені еске алынсын.

Үкімет комиссиясының сары фосфор өндіру жөніндегі қуатты жылына 250 мың тоннаға дейін шектеу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті, Өнеркәсіп министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі "Қаратау" өндіріс бірлестігінің кен базасын дамыту үшін "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының қатысуымен инвестициялар, оның ішінде шетелдік инвестициялар тарту мәселесін пысықтайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті 1993 және одан кейінгі жылдары "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясының кәсіпорындарын қайтарымды негізде инвестиция қорынан қаржыландыруды көздейтін болсын.

4. Жамбыл облысының әкіміне Қаратау және Жаңатас қалаларын ұстауды облыс балансына қабылдау ұсынылсын.

5. "Қаратау" өндіріс бірлестігіне 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап Жамбыл облысы Сарысу ауданының селолық шаруашылығына өтем жасау шараларын орындаған сондай-ақ Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті ұсынған шараларды жүзеге асырған жағдайда, оның Байқадам суалғыштарын салу аяқталғанға дейінгі кезеңде Шабакты-2 және Қыр-Шабакты суалғыштарын пайдаланылуына рұқсат етілсін.

Жамбыл облысының әкімі, "Қаратау" өндіріс бірлестігі 1993 жылғы 1 тоқсанда Байқадам суалғышын (Ақжар су көзі) жобалау мен салу жөнінде

кабылданған шешімдерді жүзеге асырсын.

6. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері, Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Өнеркәсіп министрлігі, "Қаратау" акционерлік холдинг компаниясы 1993 жылдың 15 қаңтарына дейін "Көксу" фосфорит кен орынын табиғат пайдалану және ауылшаруашылық өнімінің шығасысынан келген шығындарды өтеу туралы барлық ережелердің талаптарын ескере отырып, жайғастыру мен оны іске қосу үшін Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының жерінен "Қаратау" өндіріс бірлестігінің пайдалануына жер беру жөніндегі материалдарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес әзірлейтін болсын

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі